

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
ҚАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫСЫ

15. 07. 2021 ж.

Алматы қаласы

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 22

город Алматы

Алматы қаласының аумағында
«Құрбан айт» мерекесі күндері
коронавирустық инфекцияны
таратуға ықпал ететін бұқаралық
іс-шараларды шектеу туралы

Алматы қаласының тұрғындары арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 104-бабының 2, 3, 5, 7-тармақтарына сәйкес (31.03.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен), **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Аудан әкімдеріне, мемлекеттік органдарға, құқық қорғау және арнайы органдарға, ұйымдар мен мекемелердің басшыларына, Алматы қаласы Дін істері басқармасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясы, Алматы қаласы орталық мешітінің бас имамына «Құрбан айт» мерекесі күндері 2021 жылдың 20 шілдесінен 22 шілдесіне дейін:

1) Алматы қаласында коронавирустық инфекцияның күрт өсуіне байланысты меншік нысанына қарамастан ұйымдарда, сондай-ақ жеке үй иеліктері мен медреселерде адамдар көп жиналатын іс-шараларды (оның ішінде айт намазы) өткізуге тыйым салуды;

2) БАҚ, әлеуметтік желілер және басқа да құралдар арқылы онлайн режимде құрбандық шалуды (құрбан шалуды) ұйымдастыру туралы халықпен түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

3) Алматы қаласының аумағында 19 шілде мен 22 шілде аралығындағы кезеңде Алматы қаласының орталық мешітінде айқындалған онлайн режимде құрбандық шалуды жүзеге асыратындарды қоспағанда Алматы қаласының аумағында мал сою цехтары мен базарлардың жұмысына (соның ішінде тірі күйінде), сондай-ақ мал союды жүргізуге, оларды автомашинадардан және жеке меншік үй иелерінен өткізуге тыйым салуды;

4) құрбандық шалуды qurban2021.kz сайтына өтінім берे отырып, онлайн режимде жүргізуіді;

5) мұқтаж адамдарға тарату кезінде қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілген адамдарды тарта отырып тез бұзылатын өнімдерді (құрбандыққа шалынған жануарлардың етін) тасымалдау және сақтау жөніндегі санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар талаптарының сақталуын;

6) Алматы орталық мешітімен бірлесіп, халыққа COVID-19 эпидемиясы жағдайында «Құрбан айт» мерекесін ұйымдастыру мәселелерін түсіндіру үшін Call-орталықтың жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

2. Алматы қаласының Кәсіпкерлік және инвестиция басқармасы, Алматы қаласы орталық мешітінің бас имамы:

1) тез бұзылатын өнімдерді (құрбандыққа шалынған малдың етін) тоқазыту жабдығымен (авторефрежераторлармен) қамтамасыз ету бөлігінде тасымалдау және сақтау жөніндегі санитариялық-эпидемиологиялық қағидалардың талаптарын сақтау бойынша жәрдем көрсетсін.

3. Алматы қаласы Дін істері басқармасы, Алматы қаласы орталық мешітінің бас имамы, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясы 2021 жылғы 20 шілде мен 22 шілде аралығында онлайн режимде құрбандық шалу үшін арнайы белгіленген орында ағымдағы және қорытынды дезинфекциялау жүргізуіді қамтамасыз етсін.

4. Алматы қаласының Полиция департаменті, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясы 2021 жылғы 16 шілде мен 22 шілде аралығында Алматы қаласының кіреберістерінде онлайн режимде құрбандық шалуды жүзеге асыруға арналғандарды қоспағанда, қала аумағына жануарлардың әкелінуіне жол бермеу және жолын кесу жөніндегі бекеттерді ұйымдастырын.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясы 2021 жылғы 16 шілденен 22 шілдеге дейін Алматы қаласының аумағында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды қүшайтсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласының Полиция департаментіне, Алматы қаласының Дін істері басқармасына, Алматы қаласының аудандық әкімдіктеріне және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**

Ж. Бекшин

